

ҒАЛЫМ Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Орындаған: Асылбек А. Ж
Жетекшісі: Гумарова Д.К

Мазмұны

I.Кіріспе.....	3
II. Негізгі бөлім.....	5
1. Ғалым Қ.Жұбановтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулерінің теориялық негіздері.....	5
1.1 Ғалым Қ. Жұбанов өмірбаяны.....	5
1.2 Фонетика саласына қатысты зерттеулері.....	12
1.3 Морфология, синтаксис салаларына қатысты зерттеулері.....	16
2. Ғалым Қ.Жұбановтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулерін эксперименталды зерттеу.....	24
2.1 Қ. Жұбановтың тіл мен мәдениет байланысы туралы ой- пікірлері.....	24
2.2 Қ. Жұбановтың тіл мәдениетін қалыптастырудағы ғылыми- педагогикалық мұралары.....	30
2.3 Қ. Жұбанов қазақ тілін зерттеудің алғашқылардың бірі ретінде атқарған қызметтерін саралау.....	32
III.Қорытынды.....	34
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	35

Зерттеу әдістері: бақылау, талдау

Теориялық жаңалығы: Курстық жұмыста ғалым Қ.

Жұбановтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулерін қарап, талдау барысындағы алған теориялық жаңалық:

- 1957 жылы Құдайберген жұбановтың азаматтық құқығы қалпына келтіріліп, ғалымның қазақ тілі жөніндегі зерттеулерін оқырман қауымына ұсынуға мүскіндік тууы;
- Қазақ терминологиясын жүйелі түрде зерттеген өз тұсындағы жалғыз лингвист Қ. Жұбанов еді.

Практиканың пайдасы: Қ. Жұбановтың қазақ тіліне қосқан еңбегін, үлесін ерекше айқын біле түсу.

Зерттеудің дерек көздері: кітап, газет-журнал, интернет желісі

Зерттеу базасы: БҚО, Бөрлі ауданы, Бөрлі №1 жалпы орта білім беретін мектеп.

Зерттеудің мақсаты: Ғалым Қ.Жұбановтың қазақ тілі білімі бойынша зерттеулерін теориялық негіздеу және еңбектері мен шығармашылығын эксперименталды зерттеу.

Зерттеудің міндеті:

1. Ғалым Қ. Жұбанов өмірбаянымен таныстыру
2. Фонетика, морфология, синтаксис салаларына қатысты зерттеулерін саралау.
3. Қ. Жұбановтың тіл мен мәдениет байланысы туралы ой- пікірлерін қарастыру.
4. Қ. Жұбановтың тіл мәдениетін қалыптастырудағы ғылыми-педагогикалық мұраларымен танысып, зерттеу.

Зерттеудің болжамы: Егер ғалым Қ. Жұбановтың шығармашылығымен мектепте, қазақ тілі пәнінде оқушыларға жеткізсек, онда оқушылар ғалымның жасаған еңбектерімен танысып, қазақ тіліне деген қызығушылықтары артады.

Зерттеудің объектісі: Ғалым Қ. Жұбанов

Зерттеудің пәні: Қазақ тілі білімі бойынша зерттеулер.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов (19 желтоқсан 1899 жыл, Темір ауданы, Ақтөбе облысы – 25 ақпан 1938 жыл) – тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры (1932), түркітанушы, педагог. Алғашқыда Оспан иманның мешітінен дәріс алып, араб тілін үйренеді. 1918 жылы Електегі екі кластық орыс-қазақ училищесін бітірген. Темір-Орқаш болысының әуелі хатшысы, кейін төрағасы болады. 1920 жылы Орынбор қаласындағы «Хусайния» медресесін бітіреді. Араб, парсы, орыс, латын, түрік, жапон, француз, ағылшын, неміс тілдерін меңгереді.





Қ.Жұбанов тұтас дәуірдің болашағын қазақ тілінің өркендеуімен, ғылым тілінің дамуымен, қазақ интеллегенциясының қазақылануымен байланыстырады. Болашақтың сұранысы мен қажеттілігін көрегендікпен болжай білген ғалым Қазақстандағы озат оқытушылар съезінде былай дейді: «Қазақ тілін танып-білу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тілінің тарихын зерттеуге үлкен мән берілуі керек... Болашақта қазақ тілі мен қазақтың әдеби тілінің бой көтеріп өркендеуі үшін біз орфография мен терминологияны дұрыс жолға қоюымыз керек». Осыдан-ақ терминологияны зерттеу нысаны етіп алғаны анық байқалады.

Профессор Қ. Жұбанов қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесін де алғаш қолға алып, пән ретінде қазақ тілі фонетикасының ғылыми курсына жасады. Ғалым өзі өмір сүрген кезінде фонетиканың ғылымдағы орны дәл анықталып болмағанына қарамастан ғылыми фонетиканың объектісін дұрыс тани білді. Қазақ тіл білімінің алғашқы кезеңінде- ақ ғалым тілтанудың іргелі мәселелерін дұрыс шешіп, теориялық терең тұжырымдар жасауы нәтижесінде оның ұсынған ғылыми қағидалары уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өзінің өміршеңдігі мен заман талабына сай екендігін дәлелдеп, кейінгі зерттеулер бұлақ- бастауына айналды.

1920 – 22 жылдары ауылда мұғалім
- 1922 – 24 жылдары Темір уездік оқу-ағарту бөлімінде басшы.

1924 – 29 жылдары Ақтөбе губерниясы оқу-ағарту бөлімінде басшы қызметтер атқарды, сонымен бір мезгілде Ақтөбе педагогикалық техникумында сабақ берді. Қызметтен қолы бос уақытта өз бетімен білімін толықтырған.
1928 жылы Санкт-Петербургтегі Шығыс тілдері институтының (Шығыстану институты) толық курсы бітірді.

1929 жылы осы институттың академигі Самойлович басқаратын «түркітану семинарийіне» оқуға түсті.

1930 жылы КСРО Ғылым Академиясының Тіл білімі институтының аспиранты болды. Н. Я. Марр, И.И. Мещанинов, А.В. Богородицкий, т.б. белгілі тілші ғалымдардан дәріс алды.
1932 – 37 жылдары ҚазПИ-де (қазіргі Алматы мемлекеттік университеті) профессор, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды.

1.2 Фонетика, морфология, синтаксис салаларына қатысты зерттеулері. Фонетика салаларына қатысты зерттеулері.

20ғ басында-ақ қазақ тіл білімінің негізін қалауға айрықша үлес қосқан аса көрнекті тілші ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың зерттеулері жатқызылады. Аз ғұмыр, қысқа уақыт ішінде қазақ филологиясында мол үлес қосып, қомақты мұра қалдырған талантты ғалымның еңбектері 1937 жылдан кейін жарық көрмей, 20жыл бойы жұртшылық назарынан сырт қалып келген еді. Тек 1957 жылы Қ. Жұбановтың азаматтық құқығы қалпына келтіріліп, ғалымның қазақ тілі жөніндегі зерттеулерін оқырман қауымына ұсынуға мүмкіндік туды.

Ғалым өзінің зерделі зерттеулері нәтижесінде қазақ тіл білімінің басқа салалармен қатар фонетиканың да объектісі анықтап, дыбыстау мүшелері, дыбыстың саны мен сапасы, буын, сингорманизм, екпін, альфавить, орфография, терминология т.б мәселелерге байланысты тұжырымды пікір айтып, тұңғыш рет қазақ фонетикасының ғылыми курсы жасады.

Жұбановтың ғылыми фонетиканың орны мен объектісі туралы көзқарастары.

Бұрынғы тілші
ғалымдар
фонетиканы дыбыс
жайындағы ғылым
деп түсінді

Қ.Жұбанов:
«Фонетика- дыбыс
тілі дыбыстарының
тілдік қасиеттерін
тексеретін ғылым»

Қ.Жұбанов қазақ лингвистикасында бұл бағытта да алғашқы болып зерттеу жүргізіп, «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығында дыбыстау мүшелерінің қызметі туралы толымды пікір айтты. Бұл оқулыққа дейінгі еңбектерде сөйлеу органдарының артикуляциясы талданбаған болатын. Бұл мәселе қазақ фонетикасына осы оқулықтан бастап енді. Қ. Жұбанов дыбыстау аппараттары өкпе, ауыз, мұрын және кедергі мүшелері деп, «өкпе, сырнайдың көрігінше, ісініп – басылып, ауаны біресе сыртқа теуіп, біресе ішке тартып тұратынын», ал ауыз, мұрын қуыстары дыбысты зорайтып тұрса, ауа ағыны бірде еріннен, бірде тіс түбі, не таңдай, не көмекейден бөгеліп, кедергіленеді де, дыбыс та кедергісіне байланысты әртүрлі шығатынын айтады.





Жуан-жіңішке

Дауысты дыбыстарды алғаш жоғарыдағыдай топтастырған Радлов болды. Бірақ ол и мен у жарты дауысты дыбыс деп атаған. Сондықтан Жұбанов Дыбысталу түріне қарай дауыстыларды толық дауыстылар /а,ә,е, о, ө/, келте дауыстылар /ы,і, ұ,ү/ және қосынды дауыстылар /ұу/үу/ый/ій/ деп үш топқа бөлген. Қазақ тіліндегі дауыстылар жуан жіңішкелігінің фонологиялық кезеңі болатындығын дұрыс аңғарған ғалым жазуда олардың әрбіреуі бір-бір таңбамен белгіленетінін айтып, ал қосынды дауыстыларда мұндай қасиет жоқ деп есептеп, ұу/үу –бір ғана у, ый, ій қосындылары й әріптерімен таңбалануын ұсынған. Жасалу түріне қарай ерін дауыстылары /о,ө,ұ,ү/ және езу дауыстыларды /а,ә,е,ы,і/ деп топтастырған.

Морфология, синтаксис салаларындағы зерттеулері.

Сөздің қиыны келуі үшін екі шарт керек.

Әр сөзді орнына қою керек, тиісті орны ауысып кетсе де қиыны келмейді.

Аналитикалық тәсіл орын тәртібі арқылы байланысады.


Бір сөзді екінші сөзге жалғап беретін жалғауларды дұрыс жалғау керек, тиісті жалғауы жалғанбай қалса да, я теріс жалғанса да, сөздің қиыны келмейді

Синтетикалық тәсіл сөзге жалғаулар жалғану арқылы жасалады.



Қазақ сөзі әнге келетін болсақ – дейді автор – ол түркі түбірлі сөз емес, ол – кейініректе иран тілінен енген кірме сөз. Оның алғашқы нұсқасы оһәник. Біздегі ән сөзінің басындағы ә қазақ тілінде кейіннен араб-иран кірмелері арқылы пайда болған, бұл – араб-иран сөзінің ассимиляциялық құбылуға ұшыраған түрі. Халықтық музыка жанрындағы терминдерді жүйелеу, талдау арқылы түркі тілдердің тарихи-лингвистикалық даму заңдылықтарына сүйене отырып, сондай-ақ Әбдул-Қадыр Мұрағи, Рауар Екта, Әл-Фараби, Кизеветтер, Беляев, Успенский, профессор Фитрат, профессор Оганезашвили сынды музыка зерттеушілерінің еңбектерінен дәлелдер келтіре отырып, Қ. Жұбанов бұл ыңғайда тек қана фонологтарға қажетті нәрселердің сыр-сипатын түсіндіріп қоймай, бүкіл музыка зерттеушілерге, өнер зерттеушілерге қажетті жаңалықтардың бетін ашып берді

Жалғамалы түркі тілдер үшін сингорманизм тіліміздің тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасқан ең басты заңдылығы болып табылады. Қ. Жұбанов: «Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингорманизм дейміз», -дейді. Ол сингорманизм деп түбір мен қосымша аралығындағы дыбыстардың үндесуін қарастырған. Сондықтан түбір сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай қосымшаның да жуан, жіңішке келуін және екі аралықтағы көрші дыбыстардың үндесуін сөз еткен.



Профессор Қ.Жұбановтың ұсынған бірінші принципі бойынша революция, совет, теория, практика, медицина сияқты терминдер аударылмай алынды. Қазақ тілінде балама аудармасы жоқ болып, аударылған жағдайда түсініксіз болса, сол күйінде қалуын дұрыс деп тапты.

Сонымен қатар, алуна түрлі ғылым саласында бір мағынада қолданылатын түбір, форма, материя, морфология, реакция, экскурсия сияқты терминдерді бірегейлетіп алу, халықаралық терминдерді (пролетариат, yugeltarijt емес) орысша қалыптасқан түрінде қабылдау дұрыс деп мақұлданды.

Жұбанов тіл білімі мәселелерімен 1920 жылдан бастап шұғылдана бастады. Ол қазақ мектептері мен жоғары оқу орындары үшін қазақ тілін оқыту бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазды. Сондай-ақ, оның «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасының материалдары» (1-том), «Фонетика» (орыс тілінде), «Қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуге кіріспе», «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар», «Буын жігін қалай табуға болады», «Қазақ тілінде біріккен сөздің жазылуы», «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», т.б. іргелі ғылыми жұмыстары қазақ тіл білімін қалыптастыруға қосылған елеулі үлес болды. 20 ғасырдың 20 – 30-жылдарында Жұбанов қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде саяси-әлеуметтік, халықтық мәні зор проблемалардың бірі – жазу, емле, термин мәселелерімен де шұғылданды. 1929 жылы Қызылордада өткізілген тұңғыш ғылыми-терминологиялық конференцияда Жұбанов қазақ тілінің емлесі жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар жасады. 1935 жылы қазақ әліпбиі мен емлесін жақсартудың жобасын ұсынды.

Қорытынды

Профессор Қ. Жұбанов қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесін де алғаш қолға алып, пән ретінде қазақ тілі фоонетикасының ғылыми курсын жасады. Ғалым өзі өмір сүрген кезінде фонетиканың ғылымындағы орны дәл анықталып болмағанына қарамастан ғылыми фонетиканың объектісіне дұрыс тани білді.

Қазақ тіл білімінің алғашқы кезеңінде-ақ ғалым тілтанудың іргелі мәселелерін дұрыс шешіп, теориялық терең тұжырымдар жасауы нәтижесінде оның ұсынған ғылыми қағидаларын уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өзінің өміршеңдігі мен заман талабына сай екендігін дәлелдеп, кейінгі зерттеулер бұлақ бастауына айналды.